| | | | | жабдықтың белгілерін қою (алып тастау) және оларға қызмет көрсету (136877 км/тәулік); 100 мың текше м. көлемінде түбін тереңдету (жер қарау) жөніндегі жұмыстар; Ертіс және Қара Ертіс өзендерінің ұзындығы 280 км учаскелерінде арналық жобалау-іздестіру жұмыста-рын жүргізу; Өскемен, Бұқтырма және Шульба шлюздерін күтіп ұстау және ағымдағы жөндеу жүргізу; Өскемен, Бұқтырма және Шульба шлюздерінің авариясыз жұмысын қамтамасыз ету; Өскемен шлюзінің төменгі айлақ қабырғасын салу; флотты жөндеу: ағымдағы жөндеу 27 (бірлік); орташа жөндеу 4 (бірлік); жабдықтау мүкәммалы мен мүліктерін жасау және жөндеу; мемлекеттік техникалық өзен флотын жаңарту және жаңғырту, соның ішінде: жер караваны (1 жиынтық) (2 кезең); Семей СЖК: Ертіс өзенінің ұзақтығы 289,5 км учаскелерінде навигациялық | | | |

| | | | | | | | |
|---|---|---|---|---|---|---|---|
| | | | | жабдықтың белгілерін қою (алып тастау) және оларға қызмет көрсету (55584 км/тәулік); 415 мың текше м. көлемінде түбін тереңдету (жер қарпу) жөніндегі жұмыстар; түзету жұмыстары 55 мың текше м.; түбін тазалау жұмыстары - 900 т; флотты жөндеу: ағымдағы жөндеу 20 (бірлік); орташа жөндеу 4 (бірлік); жабдықтау мүкәммалы мен мүліктерін жасау және жөндеу, әкімшілік және өндірістегі ғимараттарды жөндеу; мемлекеттік техникалық өзен флотын жаңарту және жаңғырту, соның ішінде: қосалқы флот (3 бірлік); Батыс Қазақстан облысы: Жайық өзенінің ұзақтығы 623 км учаскелерінде навигациялық жабдықтың белгілерін қою (алып тастау) және оларға қызмет көрсету (117747 км/тәулік); 240 мың текше м. көлемінде түбін тереңдету (жер қарпу) жөніндегі жұмыстар; түбін тазалау жұмыстары - 5200т; | | | |

| | | | | | | |
|---|---|---|---|---|---|---|
| | | | | Жайық өзенінің ұзындығы 120 км учаскелерінде арналық жобалау-іздестіру жұмыста-рын жүргізу,<br>флотты жөндеу:<br>ағымдағы жөндеу 19 (бірлік);<br>орташа жөндеу 3 (бірлік);<br>жабдықтау мүкәммалы мен мүліктерін жасау және жөндеу,<br>Атырау облысы:<br>Жайық өзенінің ұзақтығы 333 км учаскелерінде навигациялық жабдықтың белгілерін қою (алып тастау) және оларға қызмет көрсету (66898 км/тәулік);<br>500 мың текше м. көлемінде түбін тереңдету (жер қарпу) жөніндегі жұмыстар флотты жөндеу:<br>ағымдағы жөндеу 7 (бірлік);<br>орташа жөндеу 1 (бірлік).<br>Жабдықтау мүкәммалы мен мүліктерін жасау және жөндеу<br>Алматы облысы:<br>Іле өзені мен Қапшағай су қоймасында 330 км учаскелерінде навигациялық жабдықтың белгілерін қою (алып тастау) және оларға қызмет көрсету (71890 км/тәулік);<br>флотты жөндеу:<br>ағымдағы жөндеу 4 | | |

| | | | | | | |
|---|---|---|---|---|---|---|
| | | | | (бірлік); жабдықтау мүкәммалы мен мүліктерін жасау және жөндеу, Қарағанды облысы: Балқаш өзенінде 978 км учаскесінде навигациялық жабдықтың белгілерін қою (алып тастау) және оларға қызмет көрсету (209292 км/тәулік); флотты жөндеу: ағымдағы жөндеу 3 (бірлік); орташа жөндеу 1 (бірлік); күрделі жөндеу 1 (бірлік); жабдықтау мүкәммалы мен мүліктерін жасау және жөндеу; мемлекеттік техникалық өзен флотын жаңарту және жаңғырту, соның ішінде: жабдық флоты (1 бірлік); қосалқы флоты (1 бірлік). | | |

**7. Бюджеттік бағдарламаны орындаудан күтілетін нәтижелер** :

Тікелей нәтиже:

ұзындығы 3983,5 км су жолдары учаскелерінде навигациялық жабдықтың белгілерін қою (алып тастау) және оларға қызмет көрсету;

2255 мың текше м. көлемінде түбін тереңдету (жер қарау) жөніндегі жұмыстар;

55 мың текше м. көлемінде түзету жұмыстары;

11600 тонна көлемінде түбін тазалау жұмыстары;

188 текше км. көлемінде тазалау жұмыстар;

Өскемен, Бұқтырма және Шульба шлюздерін ұстау және ағымдағы жөндеу;

Өскемен, Бұқтырма және Шульба шлюздерінің авариясыз жұмысын қамтамасыз ету ;

Өскемен шлюзінің төменгі айлақ қабырғасын салу;

Ертіс, Қара Ертіс және Жайық өзендерінде ұзындығы 400 км учаскелерінде арналық

жобалау-іздестіру жұмыстарын жүргізу;

флотты жөндеу: ағымдағы жөндеу 97 бірлік; орташа жөндеу 17 бірлік, күрделі жөндеу 1 бірлік;

мемлекеттік техникалық өзен флотын жаңарту және жаңғырту бойынша, соның ішінде:

жабдық флоты (2 бірлік);

қосалқы флоты (5 бірлік);

жер караваны (2 кезең) (1 жиынтық)

Соңғы нәтиже: кеме жүзу қауіпсіздігін қамтамасыз етуге байланысты авариялық жағдайлардың санының төмендеуі.

Қаржы-экономикалық тиімділігі: Су жолдарының кеме қатынасы жағдайында болуын қамтамасыз ету және шлюздерді күтіп ұстау жөніндегі шығын 1 км.- ге - 578 мың теңге.

Сапасы және уақтылығы: тасымалдау жүктердің көлемі алдыңғы жылға қарағанда 10 пайызға көтеру.

Қазақстан Республикасы Үкіметінің
2007 жылғы 12 желтоқсандағы
N 1224 қаулысына
168-ҚОСЫМША

**215 ң Қазақстан Республикасы Көлік және коммуникация министрлігі** Бюджеттік бағдарламаның әкімшісі

2008 жылғы арналған "Әуе көлігі инфрақұрылымын дамыту" деген 006 республикалық бюджеттік бағдарламаның

**ПАСПОРТЫ**

**1. Құны** : 3300000 мың теңге (үш миллиард үш жүз миллион теңге).

**2. Бюджеттік бағдарламаның нормативтік құқықтық негізі** : Қазақстан Республикасы Президентінің "Қазақстан Республикасының 2015 жылға дейінгі көлік стратегиясы туралы" 2006 жылғы 11 сәуірдегі N 86 Жарлығы ; "Қазақстан Республикасының 2015 жылға дейінгі көлік стратегиясын іске асыру жөніндегі іс-шаралар жоспарын бекіту туралы" Қазақстан Республикасы Үкіметінің 2006 жылғы 10 мамырдағы N 377 қаулысы ; "Қазақстан Республикасының азаматтық авиация саласын дамытудың 2006-2008 жылдарға арналған бағдарламасын бекіту туралы" Қазақстан Республикасы Үкіметінің 2006 жылғы 30 маусымдағы N 632 қаулысы .

**3. Бюджеттік бағдарламаны қаржыландыру көздері:** республикалық бюджеттің қаражаты.

**4. Бюджеттік бағдарламаның мақсаты:** әуежайлар инфрақұрылымы объектілерін дамыту.

**5. Бюджеттік бағдарламаның міндеттері:** ұшу қауіпсіздігін қамтамасыз ету

жөніндегі халықаралық талаптармен сәйкестікке келтіру үшін Қазақстан Республикасы әуежайларының жердегі инфрақұрылым объектілерін жаңғыртуды және дамытуды жүзеге асыру.

**6. Бюджеттік бағдарламаны іске асыру жөніндегі іс-шаралар жоспары** :

| N р/с | Бағдарлама коды | Кіші бағдарлама коды | Бағдарламаның (кіші бағдарламаның) атауы | Бағдарламаны іске асыру жөніндегі іс-шаралар | Іске асыру мерзімі | Жауапты орындаушылар |
|---|---|---|---|---|---|---|
| 1 | 2 | 3 | 4 | 5 | 6 | 7 |
| 1 | 006 | | Әуе көлігі инфрақұрылымын дамыту | | | |
| 2 | | 005 | Ішкі көздер есебінен | Белгіленген тәртіппен бекітілген жобалық-сметалық құжаттамаға сәйкес "2008 жылға арналған республикалық бюджет туралы" Қазақстан Республикасының Заңын іске асыру туралы" Қазақстан Республикасы Үкіметінің 2007 жылғы 12 желтоқсандағы N 1223 қаулысына 3-қосымшаға сәйкес сомалар шегінде әуе көлігі инфрақұрылымын дамытуға бағытталған мынадай инвестициялық жобаларды іске асыру:<br>1) "Қызылорда қаласындағы "Қорқыт ата" әуежайының ұшу-қону жолағын қайта жаңарту және әуеайлақты арнайы техникалармен сервистік қайта жаңарту" | Қаңтар-желтоқсан | Қазақстан Республикасының Көлік және коммуникация |

| | | | | | | |
|---|---|---|---|---|---|---|
| | | | | жобасы (Қазақстан Республикасы Индустрия және сауда министрлігі Құрылыс істері комитетінің 2006 жылғы 28 наурыздағы N 113-ЖІЖ бұйрығы; мем.сараптама 2006 жылғы 13 ақпандағы N 7-68/06 қорытындысы); 2) "Қостанай қаласы әуежайындағы әуеайлақты және жасанды ұшу-қону жолағын қайта жаңарту жобасының жобалау-сметалық құжаттамасының 2-кезеңін (жобалау іздестіру жұмыстары, жұмыс жобасы) әзірлеу. 3) Ақтөбе халықаралық әуежайын қайта жаңарту. Аэровокзал. (Қазақстан Республикасы Индустрия және сауда министрлігі Құрылыс істері комитетінің 2007 жылғы 11 маусымдағы N 187-ЖІЖ бұйрығы; мем.сараптама 2007 жылғы 21 мамырдағы N 7-244/07 қорытындысы). | | министрлігі |

*Ескерту. 6-тармаққа өзгерту енгізілді - Қазақстан Республикасы Үкіметінің 2008.06.12* N 579 *Қаулысымен.*

**7. Бюджеттік бағдарламаны орындаудан күтілетін нәтижелер** : Тікелей нәтиже: "Қорқыт ата" әуежайының ұшу-қону жолағын қайта жаңарту және сервистік және әуеайлақты арнайы техникамен қайта жарақтандыру. "Қостанай қаласы әуежайының жасанды ұшу-қону жолағын және аэровокзалын қайта жаңарту" жобасының 2-кезеңінің жобалық-сметалық құжаттамасын әзірлеу. Ақтөбе әуежайының аэровокзал кешенін қайта жаңарту.

Соңғы нәтижесі: Қазақстанның транзит әлеуетін дамытуды қамтамасыз етуге, авиакомпаниялардың да, жолаушылардың да сапалы әуежай қызметтеріне өсіп отырған қажеттіліктерін қанағаттандыруға, әуежайлардың негізгі өндірістік қорларын қайта жаңарту және жаңарту есебінен ұшу қауіпсіздігінің тиісті деңгейін қамтамасыз етуге қабілетті Қазақстан Республикасының азаматтық авиация әуежайларының желісін құру ; Қазақстан Республикасының әуежайлары арқылы жолаушылар ағынын және жүк ағынын ұлғайту; отандық және шетелдік авиакомпаниялар орындайтын халықаралық және ішкі ұшулардың географиясын ұлғайту; Қазақстан Республикасының әуежайларында халықаралық нормаларға жауап беретін жердегі инфрақұрылым деңгейін көтеру.

Уақтылығы: жұмыстар жүргізу кестесіне және жасалған шарттарға сәйкес.

Сапасы: құрылыс нормалары мен ережелеріне (ҚНжЕ) және Халықаралық азаматтық авиация ұйымының нормаларына сәйкес.

*Ескерту. 7-тармаққа өзгерту енгізілді - Қазақстан Республикасы Үкіметінің 2008.06.12* N 579 *Қаулысымен.*

Қазақстан Республикасы Үкіметінің
2007 жылғы 12 желтоқсандағы
N 1224 қаулысына
169-ҚОСЫМША

**215 - Қазақстан Республикасы Көлік және коммуникация министрлігі** Бюджеттік бағдарламаның әкімшісі

2008 жылға арналған
"Әлеуметтік маңызы бар облысаралық бағыттар бойынша темір жол жолаушылар тасымалдарын субсидиялау"
деген 009 республикалық бюджеттік бағдарламаның
**ПАСПОРТЫ**

**1. Құны:** 9520554 мың теңге (тоғыз миллиард бес жүз жиырма миллион бес жүз елу төрт мың теңге).

**2. Бюджеттік бағдарламаның нормативтік құқықтық негізі** : Қазақстан Республикасының 2004 жылғы 24 сәуірдегі Бюджет кодексі ; "Темір жол көлігі туралы" Қазақстан Республикасының 2001 жылғы 8 желтоқсандағы Заңы ; Қазақстан Республикасы Президентінің" Қазақстан Республикасының 2015 жылға дейінгі көлік стратегиясы туралы" 2006 жылғы 11 сәуірдегі N 86 Жарлығы ; "Қазақстан Республикасының темір жол көлігін қайта құрылымдаудың 2004-2006 жылдарға арналған бағдарламасын бекіту туралы" Қазақстан Республикасы Үкіметінің 2004 жылғы 6 ақпандағы N 145 қаулысы ; "Әлеуметтік мәні бар облысаралық қатынастарды айқындау туралы" Қазақстан Республикасы Үкіметінің 2004 жылғы 11 қарашадағы N 1185 қаулысы ; "Тасымалдаушының әлеуметтік мәні бар қатынастар бойынша жолаушылар тасымалдауды жүзеге асыруына байланысты залалдарын субсидиялау

ережесін бекіту туралы" Қазақстан Республикасы Үкіметінің 2004 жылғы 11 қарашадағы N 1188 қаулысы ; "Қазақстан Республикасының 2015 жылға дейінгі көлік стратегиясын іске асыру жөніндегі іс-шаралар жоспарын бекіту туралы" Қазақстан Республикасы Үкіметінің 2006 жылғы 10 мамырдағы N 377 қаулысы .

**3. Бюджеттік бағдарламаны қаржыландыру көздері** : республикалық бюджеттің қаражаты.

**4. Бюджеттік бағдарламаның мақсаты** : Қазақстан Республикасы тұрғындарының темір жол тасымалдарына қажеттіліктерін қанағаттандыру.

**5. Бюджеттік бағдарламаның міндеттері** : әлеуметтік мәні бар қатынастар бойынша темір жол жолаушылар тасымалдарын ұйымдастырумен байланысты тасымалдаушылардың шығындарын жабу.

**6. Бюджеттік бағдарламаны іске асыру жөніндегі іс-шаралар жоспары** :

| N р/с | Бағдарлама коды | Кіші бағдарлама коды | Бағдарламаның (кіші бағдарламаның) атауы | Бағдарламаны іске асыру жөніндегі іс-шаралар | Іске асыру мерзімі | Жауапты орындаушылар |
|---|---|---|---|---|---|---|
| 1 | 2 | 3 | 4 | 5 | 6 | 7 |
| 1 | 009 | | Әлеуметтік маңызы бар облысаралық қатынастар бойынша темір жол жолаушылар тасымалдарын субсидиялау | Қазақстан Республикасының Үкіметі бекіткен тәртіпке сәйкес облысаралық қатынастарда жолаушы тасымалдарын жүзеге асыруымен байланысты тасымалдаушылардың шығындарын субсидиялау. | Жыл бойы | Қазақстан Республикасының Көлік және коммуникация министрлігі |

**7. Бюджеттік бағдарламаны орындаудан күтілетін нәтижелер** : Тікелей нәтижесі: Қазақстан Республикасы Үкіметі бекіткен әлеуметтік мәні бар облысаралық қатынастар бойынша жолаушыларды темір жол көлігімен тасымалдауды жүзеге асыру.

Соңғы нәтижесі: Қазақстан Республикасы тұрғындарының темір жол көлігімен тасымалдарға қажеттіліктерін қанағаттандыру.

Қаржы-экономикалық нәтиже: жолаушы тасымалдаушылардың шығындарын өтеуді және тұрғындардың темір жол көлігімен жүруге қол жеткізуін қамтамасыз ету.

Уақтылығы: жыл бойы.

Сапасы: Қазақстан Республикасы Көлік және коммуникациялар министрінің 2004 жылғы 18 наурыздағы N 122-I бұйрығымен бекітілген Қазақстан Республикасының темір жол көлігімен жолаушыларды, багажды және жүк багажын тасымалдау ережесіне сәйкес жолаушыларға үздіксіз және қауіпсіз қызмет көрсету.

Қазақстан Республикасы Үкіметінің 2007 жылғы 12 желтоқсандағы N 1224 қаулысына
170-ҚОСЫМША

215 - Қазақстан Республикасы Көлік және коммуникация министрлігі

Бюджеттік бағдарламаның әкімшісі

2008 жылға арналған "Көлік және коммуникация саласындағы қолданбалы ғылыми зерттеулер" деген 010 республикалық бюджеттік бағдарламаның

**ПАСПОРТЫ**

**1. Құны:** 115713 мың теңге (бір жүз он бес миллион жеті жүз он үш мың теңге).

**2. Бюджеттік бағдарламаның нормативтік құқықтық негізі** : "Ғылым туралы" Қазақстан Республикасының 2001 жылғы 9 шілдедегі Заңы ; "Автомобиль жолдары туралы" Қазақстан Республикасының 2001 жылғы 17 шілдедегі Заңы ; "Автомобиль көлігі туралы" Қазақстан Республикасының 2003 жылғы 4 шілдедегі Заңы ; "Қазақстан Республикасының 2015 жылға дейінгі көлік стратегиясы туралы" Қазақстан Республикасы Президентінің 2006 жылғы 11 сәуірдегі N 86 Жарлығы ; "Республикалық бюджеттің қаражаты есебінен орындалатын қолданбалы ғылыми зерттеулер бағдарламаларын қалыптастыру мен іске асырудың кейбір мәселелері туралы" Қазақстан Республикасы Үкіметінің 1999 жылғы 23 ақпандағы N 145 қаулысы ; " Қазақстан Республикасының халықаралық көлік дәліздерін дамыту тұжырымдамасы туралы" Қазақстан Республикасы Үкіметінің 2001 жылғы 27 сәуірдегі N 566 қаулысы ; "Қазақстан Республикасының автожол саласын дамытудың 2001-2008 жылдарға арналған тұжырымдамасы туралы" Қазақстан Республикасы Үкіметінің 2001 жылғы 29 мамырдағы N 726 қаулысы ; "Қазақстан Республикасы мемлекеттік көлік саясатының тұжырымдамасы туралы" Қазақстан Республикасы Үкіметінің 2001 жылғы 11 маусымдағы N 801 қаулысы ; "Мемлекеттік ғылыми-техникалық сараптаманы ұйымдастыру және жүргізу ережесін бекіту туралы" Қазақстан Республикасы Үкіметінің 2002 жылғы 27 желтоқсандағы N 1385 қаулысы ; "Қазақстан Республикасы Үкіметінің 2003-2006 жылдарға арналған бағдарламасын іске асыру жөніндегі іс-шаралар жоспары туралы" Қазақстан Республикасы Үкіметінің 2003 жылғы 5 қыркүйектегі N 903 қаулысы ; "Қазақстан Республикасы Көлік және коммуникация министрлігінің мәселелері" Қазақстан Республикасы Үкіметінің 2004 жылғы 24 қарашадағы N 1232 қаулысы ; "Қазақстан Республикасының автожол саласын дамытудың 2006-2012 жылдарға арналған бағдарламасын бекіту туралы" Қазақстан Республикасы Үкіметінің 2005 жылғы 9 желтоқсандағы N 1227 қаулысы ; "Қазақстан Республикасы Президентінің 2006 жылғы 1 наурыздағы Қазақстан халқына Жолдауын іске асыру жөніндегі іс-шаралардың жалпыұлттық жоспарын және Қазақстан Республикасы Үкіметінің 2006-2008 жылдарға арналған бағдарламасын орындаудың

желілік кестесі туралы" Қазақстан Республикасы Үкіметінің 2006 жылғы 31 наурыздағы N 222 Қаулысы ; "Отандық, өңірлік және жаһандық нарықтардың қажеттіліктеріне бағытталған зерттеулерді жүргізудің, орта мерзімді және ұзақ мерзімді перспективада республикада дамытылуы мүмкін тауарлар мен қызметтер өндірісін айқындаудың 2007-2008 жылдарға арналған жоспары туралы" Қазақстан Республикасы Үкіметінің 2006 жылғы 31 мамырдағы N 487 қаулысы .

**3. Бюджеттік бағдарламаны қаржыландыру көздері:** республикалық бюджеттің қаражаты .

**4. Бюджеттік бағдарламаның мақсаты** : республиканың көлік магистралдары бойынша транзиттік және экспорттық-импорттық тасымалдардың көлемін көбейту және тиімділігін арттыру үшін Қазақстанның транзит-көлік әлеуетін жетілдіру мен дамытуға бағытталған құқықтық, ұйымдастырушылық, техникалық, экономикалық және қаржылық сипаттағы өзекті өзара байланысқан шаралардың кешенін белгілеу және іске асыру, сондай-ақ осы шараларды іске асыру жөніндегі іс-қимылдарды нақтылау және оларды жүзеге асырудың орынды кезеңділігін белгілеу; автожол және автомобиль саласы қызметінің тиімділігін арттыру; темір жол көлігімен қызмет көрсету кезінде Қазақстан Республикасының тұрғындарына және экономика салаларына қызмет көрсету сапасын және тиімділігін жоғарылату; Қазақстан Республикасының экономика салаларына және халыққа автомобиль көлігімен қызметтер көрсету кезінде қызмет көрсетудің тиімділігі мен сапасын арттыру.

**5. Бюджеттік бағдарламаның міндеттері** : Қазақстан Республикасының транзит-көлік әлеуетінің қазіргі жай-күйін талдау, транзит-көлік әлеуетті дамыту бойынша негізгі бағыттар мен іс-шараларды пысықтау жөніндегі жұмыстарды қаржыландыру; қолданбалы ғылыми зерттеулерді жүргізу, халықаралық талаптарға сәйкес автожол және автомобиль саласындағы ұлттық нормативтік-техникалық құжаттарды пысықтау және жетілдіру; темір жол тасымалдарын орындау кезінде қызмет көрсету сапасын арттыру және тасымалдау қауіпсіздігін арттыру үшін қолданбалы ғылыми зерттеулер жүргізу; қызмет көрсету сапасын арттыру үшін қолданбалы ғылыми зерттеулер жүргізу, автомобиль тасымалдарын орындау кезінде тасымалдау қауіпсіздігін және экологиялық қауіпсіздікті жоғарылату, автомобиль көлігі қызметінің нормативтік құқықтық базасын жетілдіру.

**6. Бюджеттік бағдарламаны іске асыру жөніндегі іс-шаралар жоспары:**

| N р/с | Бағ-дар-лама коды | Кіші бағ-дар-лама коды | Бағдарла-маның (кіші бағдарла-маның) атауы | Бағдарламаны іске асыру жөніндегі іс-шаралар | Іске асыру мерзімі | Жауапты орындау-шылар |
|---|---|---|---|---|---|---|
| 1 | 2 | 3 | 4 | 5 | 6 | 7 |
| 1 | 010 | | Көлік және коммуника- | 1. Автожол саласында 7 | Жыл бойы | Қазақстан Республи- |

| | | | | | | | |
|---|---|---|---|---|---|---|---|
| | | | ция сала-сындағы қолданбалы ғылыми зерттеулер | тақырып бойынша қолданбалы ғылыми зерттеулер жүргі-зу, соның ішінде: 3 ауыспалы тақырыптар бойын-ша: 1) Автомобиль жолдарын жобалау үшін табиғи жағдайлардағы есептік көрсеткіш-тер мен қызмет мерзімін нақтылау мақсатында жаңа материалдар мен технологияларды пайдалану арқылы салынған автомо-биль жолдары учаскелерін зерт-теу және сынау (мониторинг); 2) Республиканың климаттық ерекше-ліктерін ескере отырып асфальт-бетонының реоло-гиялық қасиеттерін зерттеу және Қазақстанның аумағын аудандас-тыру жөніндегі ұсыныстарды әзірлей отырып, республиканың әр түрлі аумақтары үшін асфальт-бетонның есептік температурасын негіздеу; 3) Қазақстанның климаттық жағдайы-на арналған автомобиль жолда-рының жетілдіріл-ген жамылғысының өңірлік құрылымдар цемент және органикалық емес өндіріс қалдықта-рын қолдану арқылы әзірлеу; 4 жаңа тақырып | | касының Көлік және коммуни-кация министр-лігі | |

| | | | | | | | |
|---|---|---|---|---|---|---|---|
| | | | | бойынша: 1) Жұмсақ жол қабатын оның жобалаудағы әдістемелік негіздемесін жетілдіру мақса-тында динамикалық деформациялануды кешенді зерттеу; 2) Темір бетон деформациялану моделі негізінде автожол көпірлері құрылысының темір бетондық пайдалану ресурстарын жоспарлау; 3) Жобалау нормаларын жетіл-діру мақсатында екі жолақты автомобиль жолда-рының геометриялық параметрлерінің көліктік-пайдалану сапасы мен жол қозғалысының қауіпсіздігі әсерлеріне теори-ялық және экспе-ременттік зерттеу-лер жүргізу; 4) Халықаралық тәжірибені ескере отырып Қазақстан Республикасының жағдайында іске асыру мақсатымен жол конструкцияла-рының жұмыс істеу қабілеттілігін зерттеу және олардың принципті конструктивтік шешімдерін ғылыми негіздеу. 2. Автомобиль көлігі саласында 4 тақырып бойынша қолданбалы ғылыми зерттеулер жүргізу, соның ішінде: | | | |

| | | | | | | |
|---|---|---|---|---|---|---|
| | | | | 3 ауыспалы тақырыптар бойынша:<br>1) Автокөлік шығындары деңгейінің жолдардың техникалық және көлік-пайдаланымдық жай-күйіне экономикалық тұрғыдан тәуелдігін зерттеу;<br>2) Жолаушылар мен жүктерді тасымалдау жөніндегі автокөлік қызметі сапасының деңгейін бағалау зерттеулерін жүргізу, ИСО халықаралық стандарттарын ескере отырып көліктік қызмет көрсету сапасы стандарттарының бірыңғай жүйесін құру жөнінде ғылыми-негізделген ұсынымдар әзірлеу;<br>3) Орта мерзімді және ұзақ мерзімді перспективада Қазақстанның өңірлері бойынша автокөлік қызметтері нарығындағы тасымалдарға қажеттіліктерді зерттеу және автотасымалдарға қажеттіліктерді қанағаттандыру жөніндегі іс-шаралардың негізгі бағыттары бойынша ұсынымдар әзірлеу;<br>1 жаңа тақырып бойынша:<br>1) Қазақстанның үлкен қалаларында жолаушылар тасымалын диспетчерлік басқару проблема- | | | |

| | | | | | | | |
|---|---|---|---|---|---|---|---|
| | | | | ларын зерттеу және қалалық жолаушылар көлігінің бағдарғы желісін және тасымалдау сапасын жоғарылатуды оңтайландыру жөнінде ғылыми негізделген ұсынымдар әзірлеу. 3. Транзит әлеуеті саласында 3 тақырып бойынша қолданбалы ғылыми зерттеулер жүргізу, соның ішінде: 2 ауыспалы тақы- рыптар бойынша: 1) көліктік құрауышын қалыпта- су шарттарына ғылыми зерттеулер жүргізу және отандық тауарлар бағасында және жалпы ішкі өнімде (ЖІӨ) оның бәсекелестігін қамтамасыз ету үшін көліктік құрауышты төменде- ту жөнінде ғылыми ұсыныстар әзірлеу; 2) БЭК шеңберінде көлік жүйесінің өңірлік интеграциялануын ғылыми негіздеуді жүргізу және оны одан әрі дамытуға ғылыми негізделген ұсыныстар әзірлеу; 1 жаңа тақырып бойынша: 1) Көліктік-логис- тикалық орталық- тардың қызмет ету жағдайларын зерт- теу және оларды Қазақстанда құруды ынталандыру тетіктерін және оларды дамыту | | | |

| | | | | | | |
|---|---|---|---|---|---|---|
| | | | | жөнінде ғылыми негізделген ұсыныстар әзірлеу. 4. Темір жол көлігі саласында 2 тақырып бойынша қолданбалы ғылыми зерттеулер жүргі-зу, соның ішінде: 2 жаңа тақырып бойынша: 1) Тасымалдау үдерісін қауіпсіз басқаруды қамтама-сыз ету саласында ғарыштық техноло-гияларды пайдала-нуды талдау; 2) Қазақстанның темір жолдары инфрақұрылымының объектілері жай-күйінің параметр-лерін айқындау үшін әуе-немесе ғарыштық байқауды қолдануды зерттеу. | | |

**7. Бюджеттік бағдарламаны орындаудан күтілетін нәтижелер:** Тікелей нәтижесі: автожол саласында 7 тақырып бойынша, автомобиль көлігі саласында 4 тақырып бойынша, транзит әлеуеті саласында 3 тақырып бойынша және 2 тақырып бойынша темір жол көлігі саласында қолданбалы ғылыми зерттеулер жүргізу.

Түпкі нәтижесі: көліктік құрауышты төмендету, тасымалдаудың өзіндік құнын төмендету, ішкі және сыртқы рыноктарда отандық тауарлардың бәсекелестігін жоғарылату жөнінде ұсыныстар, БЭК шеңберінде көлік жүйесінің өңірлік шоғырлануын ғылыми негізделген ұсыныстар әзірлеу, көліктік-логистикалық орталықтарды Қазақстанда құруды ынталандыру тетіктерін және оларды дамыту жөнінде ғылыми негізделген ұсыныстар әзірлеу; жол жұмыстарының құнын төмендету және автомобиль жолдарын салу, қайта жаңарту және пайдалану сапасын арттыру; темір жол көлігімен жолаушылар мен жүктерді тасымалдау көлемін арттыру жөнінде іс-шаралар дайындау; автокөлікпен жолаушыларды және жүктерді тасымалдау көлемін 1,5%-ға арттыру, халықаралық тасымалдарды орындайтын автокөлік құралдарының санын 5%-ға арттыру.

Қаржы-экономикалық тиімділігі: бір тақырып бойынша қолданбалы ғылыми зерттеулерді жүргізудің орташа құны 7 232 мың теңге.

Уақтылығы: жасалған шарттарға сәйкес бір жылдың ішінде.

Сапасы: Көлікті одан әрі оңтайлы дамыту және шекараны кесіп өтуді оңайлату,

сондай-ақ Қазақстан Республикасының транзит-көлік әлеуетін дамыту, соның ішінде көліктік-логистикалық орталықтарды құруды ынталандыру тетіктерін және көліктік-логистикалық орталықтарды дамыту жөнінде ұсыныстар әзірлеу. Орындалған жұмыстардың сапасы Қазақстан Республикасы Көлік және коммуникация министрлігінің Ғылыми-сараптау кеңесінің қорытындысымен анықталады; жол қозғалысы қауіпсіздігін қамтамасыз ету, автомобиль жолдарының және жасанды құрылыстардың ұзақтығын және сенімділігін арттыру; қолданбалы ғылыми зерттеулер жүргізу жолаушылар мен жүктер тасымалының сапасын арттыруға ықпал етеді; қолданбалы ғылыми зерттеулер жүргізу жолаушыларды және жүктерді тасымалдау сапасын арттыруға ықпал етеді, бұл автомобиль тасымалдарының табыстылығын 3,5 % -ға және пайдалылығын 2,5%-ға арттыруға және автомобиль санын 3,7%-ға көбейтуге септігін тигізеді.

Қазақстан Республикасы Үкіметінің
2007 жылғы 12 желтоқсандағы
N 1224 қаулысына
171-ҚОСЫМША

**<u>215-Қазақстан Республикасы Көлік және коммуникация министрлігі</u>** Бюджеттік бағдарламаның әкімшісі

2008 жылға арналған
"Облыстық бюджеттерге облыстық және аудандық маңызы бар автомобиль жолдарын күрделі және орташа жөндеуден өткізуге берілетін ағымдағы нысаналы трансферттер" деген 012 республикалық бюджеттік бағдарламаның
**ПАСПОРТЫ**

*Ескерту. Тақырыпқа өзгерту енгізілді - Қазақстан Республикасы Үкіметінің 2008.06.13* N 581 *Қаулысымен.*

**1. Құны:** 11371992 мың теңге (он бір миллиард үш жүз жетпіс бір миллион тоғыз жүз тоқсан екі мың теңге).

*Ескерту. 1-тармақ жаңа редакцияда - Қазақстан Республикасы Үкіметінің 2008.11.12.* N 581д *Қаулысымен.*

**2. Бюджеттік бағдарламаның нормативтік құқықтық негізі:** "Қазақстан Республикасының автожол саласын дамытудың 2006-2012 жылдарға арналған бағдарламасын бекіту туралы" Қазақстан Республикасы Үкіметінің 2005 жылғы 9 желтоқсандағы N 1227 қаулысы .

**3. Бюджеттік бағдарламаны қаржыландыру көздері:** республикалық бюджеттің қаражаты.

**4. Бюджеттік бағдарламаның мақсаты:** көлік құралдарының қауіпсіз және үздіксіз жүруін қамтамасыз ету.

**5. Бюджеттік бағдарламаның міндеттері:** облыстық және аудандық маңызы бар

автомобиль жолдары учаскелерінде күрделі және орташа жөндеу жұмыстарын жүргізу.

*Ескерту. 5-тармаққа өзгерту енгізілді - Қазақстан Республикасы Үкіметінің 2008.06.13* N 581 *Қаулысымен.*

**6. Бюджеттік бағдарламаны іске асыру жөніндегі іс-шаралар жоспары:**

| N р/с | Бағдарлама коды | Кіші бағдарлама коды | Бағдарламаның (кіші бағдарламаның) атауы | Бағдарламаны іске асыру жөніндегі іс-шаралар | Іске асыру мерзімі | Жауапты орындаушылар |
|---|---|---|---|---|---|---|
| 1 | 2 | 3 | 4 | 5 | 6 | 7 |
| 1 | 012 | | Облыстық бюджеттерге облыстық және аудандық маңызы бар автомобиль жолдарын күрделі және орташа жөндеуден өткізуге берілетін ағымдағы нысаналы трансферттер | Автожолдарды, көпірлерді және құрылыстарды, жоба-сметалық құжаттамаға және келісім-шарттарға сәйкес облыстық және аудандық маңызы бар автомобиль жолдарын күрделі және орташа жөндеу бойынша жұмыстарды жүргізуге нысаналы трансферттерді аудару және жобалау-іздестіру жұмыстары. | жыл бойы | Қазақстан Республикасы Көлік және коммуникация министрлігі, облыстардың әкімдері |

*Ескерту. 6-тармаққа өзгерту енгізілді - Қазақстан Республикасы Үкіметінің 2008.06.13* N 581 *Қаулысымен.*

**7. Бюджеттік бағдарламаны орындаудан күтілетін нәтижелер** : Тікелей нәтижесі: облыстық және аудандық маңызы бар қашықтығы 431 шақырым автомобиль жолдарында және бір көпірге күрделі және орташа жөндеуді жүргізу.

Соңғы нәтижесі: облыстық және аудандық маңызы бар автомобиль жолдары желісінің жай-күйін жақсарту.

Қаржылық-экономикалық тиімділігі: бюджет қаражаттарын пайдаланудың тиімділігін қамтамасыз ету төмендегі жолдар арқылы жүзеге асырылады:

облыстық және аудандық маңызы бар автожолдарды күрделі және орташа жөндеу бойынша мемлекеттік сатып алу туралы заңнамаға сәйкес облыс әкімдіктері конкурс өткізу;

қолданыстағы нормаларға сәйкес облыстық және аудандық маңызы бар автожолдарды күрделі және орташа жөндеудің сапасына облыс әкімдіктері бақылау жүргізу.

Уақтылығы: жұмыс жүргізу кестесіне және жасалған келісім-шарттарға сәйкес.

Сапасы: құрылыс нормалары мен ережелеріне (ҚНжЕ) сәйкес.

*Ескерту. 7-тармаққа өзгерту енгізілді - Қазақстан Республикасы Үкіметінің 2008.06.13* N 581 *Қаулысымен.*

Қазақстан Республикасы Үкіметінің 2007 жылғы 12 желтоқсандағы N 1224 қаулысына 172-ҚОСЫМША

**215-Қазақстан Республикасы Көлік және коммуникация министрлігі**

Бюджеттік бағдарламаның әкімшісі

2008 жылға арналған "Ішкі суларда жүзетін "өзен-теңіз" кемелерін жіктеуді және олардың техникалық қауіпсіздігін қамтамасыз ету" деген 014 республикалық бюджеттік бағдарламаның

**ПАСПОРТЫ**

**1. Құны:** 92050 мың теңге (тоқсан екі миллион елу мың теңге).

**2. Бюджеттік бағдарламаның нормативтік құқықтық негізі** : » "Ішкі су көлігі туралы " Қазақстан Республикасының 2004 жылғы 6 шілдедегі Заңы ; "Техникалық реттеу туралы" Қазақстан Республикасының 2004 жылғы 9 қарашадағы Заңы ; "Қазақстан Республикасының Көлік және коммуникация министрлігінің "Кеме қатынасының тіркелімі" мемлекеттік мекемесін құру туралы" Қазақстан Республикасы Үкіметінің 2006 жылғы 1 наурыздағы N 142 қаулысы .

**3. Бюджеттік бағдарламаны қаржыландыру көздері** : республикалық бюджеттің қаражаты.

**4. Бюджеттік бағдарламаның мақсаты** : ішкі суда жүзу кемелерінің және "өзен-теңіз" жүзу кемелерінің техникалық қауіпсіздігін қамтамасыз ету.

**5. Бюджеттік бағдарламаның міндеттері** : Тиесілігі мен меншік түріне қарамастан, ішкі су жолдарында пайдалануға арналған, ішкі суда жүзу кемелерін және»"өзен-теңіз" жүзу кемелерін жіктеу және олардың техникалық қауіпсіздігін қамтамасыз ету.

**6. Бюджеттік бағдарламаны іске асыру жөніндегі іс-шаралар жоспары** :

| N р/с | Бағдарлама коды | Кіші бағдарлама коды | Бағдарламаның (кіші бағдарламаның) атауы | Бағдарламаны іске асыру жөніндегі іс-шаралар | Іске асыру мерзімі | Жауапты орындаушылар |
|---|---|---|---|---|---|---|
| 1 | 2 | 3 | 4 | 5 | 6 | 7 |
| 1 | 014 | | Ішкі суларда жүзетін "өзен-теңіз" кемелерін жіктеуді және | Кемелердің техникалық қауіпсіздігін қамтамасыз етуге байланысты қызметтерін жүргізу үшін штат саны | Жыл бойы | Қазақстан Республикасының Көлік және коммуникация |

| | | | | | | | |
|---|---|---|---|---|---|---|---|
| | | | олардың техникалық қауіпсіз-дігін қамтамасыз ету | 22 бірлік "Кеме қатынасының тірке-лімі" мемлекеттік мекемесін күтіп-ұстау. Инспекторлар үшін арнайы киім тіктіру және алу. Су көлігі саласын-да өнім және аккредитациялық қызмет жүргізу үшін мамандарды дайындау, қызмет-керлердің біліктi-ліктерін арттыру қызметтері. Ұйым және лабора-торияларды экс-перттік бағалау қызметтері. Су көлігі саласын-да өнім және қызмет сертификаты жүйесін енгізу, сертификацияға аккредитациядан өту және лаборато-рияларды аккреди-тациялау. Полиграфиялық және типографиялық қызметтер. Программалық өнімдерді алып жүру. Көлік кодексін іске асыру мақсатында, нормативтік құқық-тық актілерінің жобаларын әзірлеу. Шетелдік техника-лық қадағалау және жіктеу органдары-мен ынтымақтастық-ты арттыру мақса-тында кездесулер, келіссөздер және басқа да іс-шара-лар жүргізу. Шетелге шығуымен бірге, қазақстан-дық мамандардың біліктілігін | | министр-лігі |

| | | | | | | |
|---|---|---|---|---|---|---|
| | | | | арттыру және кәсіптік дайындау. Лабораториялық жабдықтармен бірге негізгі құралдарды алу. | | |

**7. Бюджеттік бағдарламаны орындаудан күтілетін нәтижелер** : Тікелей нәтиже: 22 бірлік штат санын күтіп-ұстау; арнайы киім тігу, формалық және арнайы киім-кешек тігу, кемелерді жіктеуді қамтамасыз ету және 400 бірлік кемелерге куәландыруды жүргізу; су көлігі облысында өнім және қызмет сертификатына аккредитациядан өту, сынақ лабораториясын ашу және оларды қазіргі заманғы құралдармен жабдықтау, шетелдік техникалық қадағалау және сыныптау органдарымен ынтымақтастықты жүзеге асыруымен бірге, мамандардың біліктілігін арттыру, сынақтан өту және семинарларға қатысу үшін шетелге шығуы.

Соңғы нәтиже: кеме қатынасы процесіне қатысатын кемелердің және басқа да инженерлік құрылыстардың техникалық қауіпсіздігін қамтамасыз ету.

Қаржы-экономикалық нәтижесі: Қазақстан Республикасы Көлік және коммуникация министрлігінің "Кеме қатынасының тіркелімі" мемлекеттік мекемесінің жұмысын жақсарту, 1 кемені куәландыру үшін орташа шығын шамамен 116,4 мың теңгені құрайды.

Уақытқа сайлығы: белгіленген мерзімде кемелерді, басқа құрылыстар мен объектілерді техникалық куәландыру.

Сапасы: ішкі суларда жүзу және "өзен-теңіз" жүзу кемелерінің апатсыз жұмыс істеуі.

Қазақстан Республикасы Үкіметінің
2007 жылғы 12 желтоқсандағы
N 1224 қаулысына
173-ҚОСЫМША

**215-Қазақстан Республикасы Көлік және коммуникация министрлігі**

Бюджеттік бағдарламаның әкімшісі

2008 жылға арналған
"Көліктік дерекқор және тасымалдар қауіпсіздігі серпіні мониторингінің ақпараттық талдау жүйесін құру" деген 015 республикалық бюджеттік бағдарламаның

**ПАСПОРТЫ**

**1. Құны** : 290992 мың теңге (екі жүз тоқсан миллион тоғыз жүз тоқсан екі мың теңге).

**2. Бюджеттік бағдарламаның нормативтік құқықтық негізі** : Қазақстан Республикасының 2004 жылғы 24 сәуірдегі Бюджет кодексі ; Экономиканың басым секторларында пилоттық кластерлерді жасау мен дамыту жөніндегі жоспарларды

бекіту туралы" Қазақстан Республикасы Үкіметінің 2005 жылғы 25 маусымдағы N 633 қаулысы ; "Қазақстан Республикасының 2015 жылға дейінгі көлік стратегиясын іске асыру жөніндегі іс-шаралар жоспарын бекіту туралы" Қазақстан Республикасы Үкіметінің 2006 жылғы 10 мамырдағы N 377 қаулысы .

**3. Бюджеттік бағдарламаны қаржыландыру көздері** : республикалық бюджеттің қаражаты.

**4. Бюджеттік бағдарламаның мақсаты:** транзиттік дәліздерге түсетін жүктемені болжау және басқармалық шешімдерді қолдау мақсатын іске асыратын көліктік дерекқор және тасымалдар қауіпсіздігі серпіні мониторингінің ақпараттық талдау жүйесін құру.

**5. Бюджеттік бағдарламаның міндеттері:** көліктің барлық түрлерімен тасымалдау бойынша деректер қорын жинау, өңдеу және сақтау.

**6. Бюджеттік бағдарламаны іске асыру жөніндегі іс-шаралар жоспары** :

| N р/с | Бағ-дар-лама коды | Кіші бағ-дар-лама коды | Бағдарла-маның (кіші бағдарлама-ның) атауы | Бағдарламаны іске асыру жөніндегі іс-шаралар | Іске асыру мерзімі | Жауапты орындаушы-лар |
|---|---|---|---|---|---|---|
| 1 | 2 | 3 | 4 | 5 | 6 | 7 |
| 1 | 015 | | Көліктік дерекқор және тасы-малдар қауіпсізді-гі серпіні мониторин-гінің ақпараттық талдау жүйесін құру | Техникалық заттар, соның ішінде телекоммуникация жабдықтарын, материалдық емес активтерді (лицензиялық бағдарламалық өнімдер) және микропроцессорлық карточкаларды қолдану кезінде трансзакцияны өңдеуді бағдарла-малық қамтамасыз ету пакетін алу. Бағдарламалық қамтамасыз етуді әзірлеу жөніндегі қызмет. Бағдарламалық қамтамасыз етуді сүйемелдеу жөніндегі қызмет. | Жыл бойы | Қазақстан Республи-касының Көлік және коммуни-кация министр-лігі |

**7. Бюджеттік бағдарламаны орындаудан күтілетін нәтижелер** : Тікелей нәтиже: 42 өткізу бекеті, Қазақстан Республикасының аумағындағы 25 ішкі посттар арқылы автомобиль көлігімен жүзеге асырылатын транзиттік тасымалдар туралы жедел, нақты

ақпаратты алу; көліктік бақылау постарында бақылауды жүргізу уақытын 3 сағаттан 45 минутқа дейін қысқарту; бақылауды автоматтандыру, көлік құралдарының есептілігін есепке алу және жүргізу; каботаж тасымалдарын анықтау.

Соңғы нәтижесі: көліктің барлық түрлерімен тасымалдау бойынша орталықтандырылған дерекқорды одан әрі дамыту жолымен республика аумағында транзиттік тасымалдар қауіпсіздігінің тиімділігін және деңгейін көтеру. Өндірістік пайдалануға ақпараттық талдау дерекқорын енгізу.

Уақтылығы: жыл бойында жоспарланған іс-шараларды және кесте мен жасалған шарттарға сәйкес қойылған міндеттерді уақтылы орындау.

Сапасы: көліктің барлық түрлерімен тасымалдау саласындағы барлық мүдделі тұлғалар үшін жедел және сапалы ақпаратты ұсыну.

Қазақстан Республикасы Үкіметінің
2007 жылғы 12 желтоқсандағы
N 1224 қаулысына
174-ҚОСЫМША

**<u>215-Қазақстан Республикасы Көлік және коммуникация</u> министрлігі**

Бюджеттік бағдарламаның әкімшісі

2008 жылға арналған
"Жол-құрылыс және жөндеу жұмыстарын орындаудың сапасын қамтамасыз ету" деген 016 республикалық бюджеттік бағдарламаның
**ПАСПОРТЫ**

**1. Құны** : 199670 мың теңге (бір жүз тоқсан тоғыз миллион алты жүз жетпіс мың теңге).

**2. Бюджеттік бағдарламаның нормативтік құқықтық негізі** : "Автомобиль жолдары туралы" Қазақстан Республикасының 2001 жылғы 17 шілдедегі Заңының 17-бабы ; " Жол саласының кейбір мәселелері туралы" Қазақстан Республикасы Үкіметінің 2000 жылғы 14 қазандағы N 1527 қаулысы ; "Қазақстан Республикасының автожол саласын дамытудың 2006-2012 жылдарға арналған бағдарламасын бекіту туралы" Қазақстан Республикасы Үкіметінің 2005 жылғы 9 желтоқсандағы N 1227 қаулысы .

**3. Бюджеттік бағдарламаны қаржыландыру көздері** : республикалық бюджеттің қаражаты.

**4. Бюджеттік бағдарламаның мақсаты** : жол-құрылыс және жөндеу жұмыстарының орындалу сапасын қамтамасыз ету, қолданылатын жол-құрылыс материалдарының сапасын бақылау.

**5. Бюджеттік бағдарламаның міндеттері** : республикалық маңызы бар автомобиль жолдарын салу, қайта жаңарту, күрделі, орташа, ағымдағы жөндеу жөніндегі орындалған жұмыстардың және қолданылатын жол-құрылыс материалдарының сапасын бақылауды жүзеге асыру.

**6. Бюджеттік бағдарламаны іске асыру жөніндегі іс-шаралар жоспары** :

| N р/с | Бағ-дар-лама коды | Кіші бағ-дар-лама коды | Бағдарлама-ның (кіші бағдарлама-ның) атауы | Бағдарламаны іске асыру жөніндегі іс-шаралар | Іске асыру мерзімі | Жауапты орындау-шылар |
|---|---|---|---|---|---|---|
| 1 | 2 | 3 | 4 | 5 | 6 | 7 |
| 1 | 016 | | Жол-құрылыс және жөндеу жұмыстарын орындаудың сапасын қамтамасыз ету | Республикалық маңызы бар автомо-биль жолдарын салу, қайта жаңарту, күрделі, орташа, ағымдағы жөндеу жөніндегі орындалатын жұмыстардың және қолданылатын жол-құрылыс материал-дарының сапасын бақылауды жүзеге асыру үшін штат саны 112 адам жол-құрылыс және жөндеу жұмыстары-ның орындалу сапасы жөніндегі мемлекеттік мекемені ұстау. Жеткізу шарттарына сәйкес конкурстық негізде мемлекет-тік мекемені ұстауға, жобалық-сметалық құжаттаманы әзірлеуге, ғимаратты күрделі жөндеуге жол-құрылыс және жөндеу жұмыстары-ның орындалу және қолданылатын материалдардың сапасы жөніндегі жол зертханаларын тексеруге, аттес-таттаудан өткізуге құрастыруға, жұмысқа дайындауға арналған шығындар, лабораториялық қондырғылар, автомашинаны, химикаттарды, сынауықтарды, | Жыл бойы | Қазақстан Республи-касының Көлік және коммуни-кация |

| | | | | | | |
|---|---|---|---|---|---|---|
| | | | | ұйымдастыру іс техникасын, компьютерлерді, жиһазды, қосалқы бөлшектерді сатып алу, лицензиясы бар өнімдерді және басқа да жинақтау-ыштарды, сатып алу. | | министр-лігі |

**7. Бюджеттік бағдарламаны орындаудан күтілетін нәтижелер** : Тікелей нәтиже: жол-құрылыс және жөндеу жұмыстарының, қайта жаңартылатын пайдалануға енгізілетін учаскелерде, сондай-ақ ауыспалы жобалар бойынша ұзақтығы 300 км. қайта жаңартылатын учаскелерде қолданылатын жол-құрылыс материалдарының және 1526 км. жөндеу жұмыстарының сапасын қамтамасыз ету.

Соңғы нәтиже: жол-құрылыс және жөндеу жұмыстарының сапасын, сондай-ақ қолданылатын жол-құрылыс материалдарының сапасын арттыру есебінен автомобиль жолдары қызметінің нормативтік мерзімін қамтамасыз ету.

Қаржы-экономикалық тиімділігі: республикалық маңызы бар автомобиль жолдарының 1 км. сапасын бақылауды жүргізу үшін шығындар орташа есеппен 8468 теңгені құрайды.

Уақтылығы: жасалған шарттарға сәйкес белгіленген мерзімде орындалатын жол-құрылыс және жөндеу жұмыстарының сапасын ұдайы бақылау.

Сапасы: құрылыс нормаларына және ережелеріне (ҚНжЕ) сәйкес.

Қазақстан Республикасы Үкіметінің
2007 жылғы 12 желтоқсандағы
N 1224 қаулысына
175-ҚОСЫМША

**215-Қазақстан Республикасы Көлік және коммуникация министрлігі**

Бюджеттік бағдарламаның әкімшісі
2008 жылға арналған
"Жүйелі ішкі авиатасымалдарды субсидиялау" деген 019 республикалық бюджеттік бағдарламаның
**ПАСПОРТЫ**

**1. Құны** : 667680 мың теңге (алты жүз алпыс жеті миллион алты жүз сексен мың теңге).

**2. Бюджеттік бағдарламаның нормативтік құқықтық негізі** : "Қазақстан Республикасындағы көлік туралы" Қазақстан Республикасының 1994 жылғы 21 қыркүйектегі Заңының 9-бабы ; "Азаматтық авиацияны мемлекеттік реттеу туралы" Қазақстан Республикасының 2001 жылғы 15 желтоқсандағы Заңының 7-бабы ; "

Авиабағыттарға субсидияларды жұмсау ережесін бекіту туралы" Қазақстан Республикасы Үкіметінің 2002 жылғы 17 тамыздағы N 915 қаулысы ; "Қазақстан Республикасының азаматтық авиация саласын дамытудың 2006-2008 жылдарға арналған бағдарламасын бекіту туралы" Қазақстан Республикасы Үкіметінің 2006 жылғы 30 маусымдағы N 632 қаулысы .

**3. Бюджеттік бағдарламаны қаржыландыру көздері** : республикалық бюджеттің қаражаты.

**4. Бюджеттік бағдарламаның мақсаты** : Қазақстан Республикасының елордасы Астана қаласын Қазақстанның облыс орталықтарымен және ірі қалалармен әуе бойынша қосу, сондай-ақ Қазақстан Республикасының облыс орталықтарын қосу орташа статистикалық тұтынушылар үшін әлеуметтік маңызы бар рейстер бойынша авиакөлік қызметтеріне қол жеткізілімдігін қамтамасыз ету.

**5. Бюджеттік бағдарламаның міндеттері** : орташа статистикалық тұтынушы үшін жүйелі ішкі авиатасымалдарға авиакөлік қызметтеріне қол жеткізілімдігін субсидиялау көлемін кезең-кезеңмен төмендетуге бағытталған икемді тариф жүйесін жүзеге асыру арқылы қамтамасыз ету.

**6. Бюджеттік бағдарламаны іске асыру жөніндегі іс-шаралар жоспары** :

| N р/с | Бағдарлама коды | Кіші бағдарлама коды | Бағдарламаның (кіші бағдарламаның) атауы | Бағдарламаны іске асыру жөніндегі іс-шаралар | Іске асыру мерзімі | Жауапты орындаушылар |
|---|---|---|---|---|---|---|
| 1 | 2 | 3 | 4 | 5 | 6 | 7 |
| 1 | 019 | | Жүйелі ішкі авиатасымалдарды субсидиялау | Қазақстан Республикасының Үкіметі бекіткен Ережелерге сәйкес ішкі авиабағыттар бойынша тұрақты авиатасымалдарды субсидиялау: Астана-Тараз-Астана; Астана-Семей-Астана; Астана-Жезқазған-Астана; Астана-Петропавл-Астана; Астана-Павлодар-Астана; Астана-Талдықорған-Астана; Астана-Қостанай-Астана; Қарағанды-Өскемен- | жыл бойы | Қазақстан Республикасының Көлік және коммуникация |

| | | | | | | |
|---|---|---|---|---|---|---|
| | | | | Қарағанды; Қарағанды-Қызыл-орда-Қарағанды. | | министр-лігі |

**7. Бюджеттік бағдарламаны орындаудан күтілетін нәтижелер** : тікелей нәтиже: тұрақты авиатасымалдар:

Қазақстан Республикасының елордасы Астана қаласын Қазақстанның облыс орталықтарымен және ірі қалаларымен қосатын 7 авиабағыт бойынша;

облыс орталықтарын байланыстыратын 2 авиабағыт бойынша.

Түпкі нәтиже:

- ішкі бағыттарда тұрақты жолаушылар ағынын қамтамасыз ету және астананың облыс орталықтарымен байланысы бойынша ұшуларды орындаған кезде орташа өлшенген жолаушылар сыйымдылығын 65-70 пайызға дейін және облыс орталықтарының байланысы бойынша ұшуларды орындаған кезде 20-25 пайызға дейін ұлғайту;

- икемді тариф жүйесін жүзеге асыру есебінен ұшулар рентабельділікке жеткен кезде бағыттарды субсидияланатын рейстер тізімінен алып тастау.

Қаржы-экономикалық нәтиже: жоспарлы сыйымдылық есебінен бір авиабағытқа субсидияның орташа жылдық көлемі астананың облыс орталықтарымен байланысы рейстерінде - 92,35 млн. теңгені және облысаралық орталықтар байланысы рейстерінде 10,58 млн.теңгені құрайды.

Уақтылығы: уәкілетті органдар бекіткен кестеге сәйкес 9 авиабағыт бойынша тұрақты рейстерді жүзеге асыру.

Сапасы: жолаушыларға қызмет көрсету ережесіне сәйкес сапалы қызмет көрсетуді қамтамасыз ету.

Қазақстан Республикасы Үкіметінің 2007 жылғы 12 желтоқсандағы N 1224 қаулысына 176-ҚОСЫМША

**215-Қазақстан Республикасы Көлік және коммуникация министрлігі**

Бюджеттік бағдарламаның әкімшісі

2008 жылға арналған "Су көлігі инфрақұрылымын дамыту" деген 020 республикалық бюджеттік бағдарламаның **ПАСПОРТЫ**

*Ескерту. 176-қосымша алынып тасталды - Қазақстан Республикасы Үкіметінің 2008.06.13* N 581 *Қаулысымен.*

Қазақстан Республикасы Үкіметінің 2007 жылғы 12 желтоқсандағы

N 1224 қаулысына
177-ҚОСЫМША
**215-Қазақстан Республикасы Көлік және коммуникация министрлігі**
Бюджеттік бағдарламаның әкімшісі
2008 жылға арналған
"Көлік және коммуникация саласындағы техникалық регламенттер мен стандарттар әзірлеу" деген 021 республикалық бюджеттік бағдарламаның
**ПАСПОРТЫ**

**1. Құны** : 119008 мың теңге (бір жүз он тоғыз миллион сегіз мың теңге).

**2. Бюджеттік бағдарламаның нормативтік құқықтық негізі** : "Автомобиль жолдары туралы" Қазақстан Республикасының 2001 жылғы 17 шілдедегі Заңы ; "Техникалық реттеу туралы" Қазақстан Республикасының 2004 жылғы 9 қарашадағы Заңы ; " Қазақстан Республикасының автожол саласын дамытудың 2001-2008 жылдарға арналған тұжырымдамасы туралы" Қазақстан Республикасы Үкіметінің 2001 жылғы 29 мамырдағы N 726 қаулысы ; "Қазақстан Республикасы мемлекеттік көлік саясатының тұжырымдамасы туралы" Қазақстан Республикасы Үкіметінің 2001 жылғы 11 маусымдағы N 801 қаулысы ; "Қазақстан Республикасының автожол саласын дамытудың 2006-2012 жылдарға арналған бағдарламасын бекіту туралы" Қазақстан Республикасы Үкіметінің 2005 жылғы 9 желтоқсандағы N 1227 қаулысы .

**3. Бюджеттік бағдарламаны қаржыландыру көздері** : республикалық бюджеттің қаражаты .

**4. Бюджеттік бағдарламаның мақсаты** : автожол және автомобиль саласы қызметінің тиімділігін арттыру; автокөлік қызметтер және автомобиль тасымалдарының қауіпсіздік сапасын арттыру үшін жағдай жасау; темір жол көлігі кәсіпорындары көрсететін қызметтер сапасын арттыру үшін жағдай жасау.

**5. Бюджеттік бағдарламаның міндеттері** : халықаралық талаптарға сәйкес автожол саласындағы ұлттық нормативті-техникалық құжаттарды (стандарттарды) және техникалық регламенттерді әзірлеу, қайта әзірлеу және жаңарту; автомобиль және темір жол көлігі саласындағы стандарттау жөніндегі стандарттар мен нормативтік құжаттар кешенін жасау.

**6. Бюджеттік бағдарламаны іске асыру жөніндегі іс-шаралар жоспары** :

| N р/с | Бағ-дар-лама коды | Кіші бағ-дар-лама коды | Бағдарлама-ның (кіші бағдарлама-ның) атауы | Бағдарламаны іске асыру жөніндегі іс-шаралар | Іске асыру мерзімі | Жауапты орындаушы-лар |
|---|---|---|---|---|---|---|
| 1 | 2 | 3 | 4 | 5 | 6 | 7 |
| 1 | 021 | | | | | |

| | | | | | | |
|---|---|---|---|---|---|---|
| | | | Көлік және коммуникация саласындағы техникалық регламенттер мен стандарттар әзірлеу | 1. Автожол саласындағы 1 техникалық регламенті мен 11 стандартты әзірлеу, қайта әзірлеу және үйлестіру бойынша қызметтерді төлеу. 2. Автокөлік саласындағы 17 стандартты әзірлеу жөніндегі қызметтерге ақы төлеу. 3. Темір жол саласындағы 100 стандартты әзірлеу жөніндегі қызметтерге ақы төлеу. | Жыл бойы | Қазақстан Республикасының Көлік және коммуникация министрлігі |

**7. Бюджеттік бағдарламаны орындаудан күтілетін нәтижелер:** Тікелей нәтижесі: автожол саласындағы 1 техникалық регламенті мен 11 стандартты әзірлеу, қайта әзірлеу және үйлестіру; автокөлік саласының 17 стандартын әзірлеу және бекіту; темір жол саласының 100 стандартын әзірлеу және бекіту.

Түпкі нәтижесі: жол салу мен жөндеу жұмыстарын сапасын арттыру, автомобиль жолдарын көліктік-пайдалану жай-күйін жақсарту және жол қозғалысы қауіпсіздігін арттыру; жүк жөнелтушілерге, жолаушыларға және автокөлік пен темір жол саласы кәсіпорындарының қызметін пайдаланатын басқа да пайдаланушыларға қызмет көрсету сапасын жақсарту үшін жағдайларды қамтамасыз ету.

Қаржы-экономикалық тиімділігі: бір тақырып бойынша қолданбалы ғылыми зерттеулерді жүргізудің орташа құны 879,3 мың теңге және бір техникалық регламенті бойынша 6456 мың теңге.

Уақтылығы: жасалған шарттарға сәйкес бір жылдың ішінде.

Сапасы: Жол қозғалысы қауіпсіздігін қамтамасыз ету, автомобиль жолдарының және жасанды құрылыстардың ұзақтығын және сенімділігін арттыру; МемСТ талаптарына сәйкес болу.

Қазақстан Республикасы Үкіметінің 2007 жылғы 12 желтоқсандағы N 1224 қаулысына 178-ҚОСЫМША

**215-Қазақстан Республикасы Көлік және коммуникация министрлігі**

Бюджеттік бағдарламаның әкімшісі

2008 жылға арналған "Көліктік бақылау бекеттерінің желілерін дамыту"

деген 023 республикалық бюджеттік бағдарламаның
**ПАСПОРТЫ**

**1. Құны** : 221329 мың теңге (екі жүз жиырма бір миллион үш жүз жиырма тоғыз мың теңге).

**2. Бюджеттік бағдарламаның нормативтік құқықтық негізі** : "Автомобиль көлігі туралы" Қазақстан Республикасының 2003 жылғы 4 шілдедегі Заңы ; Қазақстан Республикасы Президентінің "Қазақстан Республикасының 2015 жылға дейінгі көлік стратегиясы туралы" 2006 жылғы 11 сәуірдегі N 86 Жарлығы ; "Қазақстан Республикасының аумағы бойынша автокөлік құралдарының жүріп өтуін реттейтін кейбір мәселелер туралы" Қазақстан Республикасы Үкіметінің 2002 жылғы 19 қаңтардағы N 62 қаулысы ; "Қазақстан Республикасының Мемлекеттік шекарасы арқылы автокөлік құралдарын өткізу пункттерінің және Қазақстан Республикасының аумағындағы көліктік бақылау посттарының тізбесін бекіту туралы" Қазақстан Республикасы Үкіметінің 2004 жылғы 27 ақпандағы N 238 қаулысы ; "Қазақстан Республикасы Көлік және коммуникация министрлігінің мәселелері туралы" Қазақстан Республикасы Үкіметінің 2004 жылғы 24 қарашадағы N 1232 қаулысы ; "Бөлінбейтін ірі көлемді және ауыр салмақты жүктерді Қазақстан Республикасының аумағында тасымалдауды ұйымдастыру және жүзеге асыру ережесін бекіту туралы" Қазақстан Республикасы Үкіметінің 2005 жылғы 24 қаңтардағы N 51 қаулысы .

**3. Бюджеттік бағдарламаны қаржыландыру көздері** : республикалық бюджеттің қаражаты.

**4. Бюджеттік бағдарламаның мақсаты** : автомобиль тасымалдарының қауіпсіздігін сақтауды мемлекеттік бақылау жүйесін дамыту.

**5. Бюджеттік бағдарламаның міндеттері** : Қазақстан Республикасы аумағында автокөлік құралдарының жүріп өтуін көліктік бақылау бекеттерін техникалық жарақтандыру жолымен мемлекеттік бақылау тиімділігін жоғарылату.

**6. Бюджеттік бағдарламаны іске асыру жөніндегі іс-шаралар жоспары** :

| N р/с | Бағдарлама коды | Кіші бағдарлама коды | Бағдарламаның (кіші бағдарламаның) атауы | Бағдарламаны іске асыру жөніндегі іс-шаралар | Іске асыру мерзімі | Жауапты орындаушылар |
|---|---|---|---|---|---|---|
| 1 | 2 | 3 | 4 | 5 | 6 | 7 |
| 1 | 023 | | Көліктік бақылау бекеттерінің желілерін дамыту | Жол төсемін жайластыруды қоса, көліктік бақылау бекеттерін стационарлық таразы жабдығымен жарақтандыру, көлемдік шегін | жыл бойы | Қазақстан Республикасының Көлік және коммуникация |

| | | | | | | |
|---|---|---|---|---|---|---|
| | | | | анықтау, тексеру шұңқырын, тоқта-тылған автокөлік-терді қоятын орынмен жарақтан-дыру, жобалық құжатын әзірлеу, авторлық және техникалық қадаға-лауды жүзеге асыру, технология-лық қамтамасыз ету, жұмыс жобасы-на мемлекеттік сараптама жүргізу. | | министр-лігі |

**7. Бюджеттік бағдарламаны орындаудан күтілетін нәтижелер:** Тікелей нәтиже: стационарлық таразы жабдығымен 6 көліктік бақылау бекеттерін техникалық жарақтандыру: "Қызылжар" (Астана қ.), "Атырау" (Атырау облысы), "Заречный" (Қарағанды облысы), "Ақжайық" (БҚО), "Қарабұтақ" (Ақтөбе облысы), "Шығанақ" (Жамбыл облысы).

Соңғы нәтиже: Автомобильмен тасымалдаушылардың заңнамамен белгіленген автокөлік құралдарының рұқсат етілген параметрлерін сақтауын қамтамасыз ету, жол төсеніштерінің сақталуын қамтамасыз ету, жол төсеніштерін жөндеуге шығындарды қысқарту және жарамдылық мерзімін ұзарту, автокөлік құралдарының қозғалыс қарқындылығын көбейту.

Қаржылық-экономикалық нәтиже: жол төсеніштерін жөндеуге шығындарды қысқарту және жарамдылық мерзімін ұзарту, автокөлік құралдарының қозғалыс қарқындылығын көбейту.

Уақтылығы: жасасқан шарттарға сәйкес бір жыл ішінде.

Сапасы: Бар және жөндеудегі автомобиль жолдары мен құрылыстарын сақтауды қамтамасыз ету.

Қазақстан Республикасы Үкіметінің
2007 жылғы 12 желтоқсандағы
N 1224 қаулысына
179-ҚОСЫМША

**215-Қазақстан Республикасы Көлік және коммуникация министрлігі**

Бюджеттік бағдарламаның әкімшісі

2008 жылға арналған
"Облыстық бюджеттерге, Астана және Алматы қалаларының бюджеттеріне көліктік инфрақұрылымды дамытуға

берілетін нысаналы даму трансферттері" деген 028 республикалық бюджеттік бағдарламаның
**ПАСПОРТЫ**

**1. Құны** : 92021772 мың теңге (тоқсан екі миллиард жиырма бір миллион жеті жүз жетпіс екі мың теңге).

*Ескерту. 1-тармақ жаңа редакцияда - Қазақстан Республикасы Үкіметінің 2008.11.12. N 581д Қаулысымен.*

**2. Бюджеттік бағдарламаның нормативтік құқықтық негізі** : "Алматы қаласын дамытудың 2003-2010 жылдарға арналған мемлекеттік бағдарламасы туралы" Қазақстан Республикасы Президентінің 2003 жылғы 10 ақпандағы N 1019 Жарлығы ; " Астана қаласының әлеуметтік-экономикалық дамуының 2006-2010 жылдарға арналған мемлекеттік бағдарламасы туралы" Қазақстан Республикасы Президентінің 2006 жылғы 4 мамырдағы N 111 Жарлығы ; "Астана қаласының инженерлік инфрақұрылымын және жолдарын 2010 жылға дейін дамыту туралы" Қазақстан Республикасы Үкіметінің 2002 жылғы 11 қарашадағы N 1190 қаулысы ; "Қазақстан Республикасының автожол саласын дамытудың 2006-2012 жылдарға арналған бағдарламасын бекіту туралы" Қазақстан Республикасы Үкіметінің 2005 жылғы 9 желтоқсандағы N 1227 қаулысы ; "Астана қаласының әлеуметтік-экономикалық дамуының 2006-2010 жылдарға арналған мемлекеттік бағдарламасын іске асыру жөніндегі іс-шаралар жоспарын бекіту туралы" Қазақстан Республикасы Үкіметінің 2006 жылғы 30 маусымдағы N 624 қаулысы .

**3. Бюджеттік бағдарламаны қаржыландыру көздері** : республикалық бюджеттің қаражаты.

**4. Бюджеттік бағдарламаның мақсаты** : көлік құралдарының қауіпсіз және үздіксіз жүруін қамтамасыз ету.

**5. Бюджеттік бағдарламаның міндеттері** : қазіргі заманғы талаптарға жауап беретін автомобиль жолдарын қалпына келтіру және дамыту.

**6. Бюджеттік бағдарламаны іске асыру жөніндегі іс-шаралар жоспары** :

| N р/с | Бағ-дар-лама коды | Кіші бағ-дар-лама коды | Бағдарлама-ның (кіші бағдарлама-ның) атауы | Бағдарламаны іске асыру жөніндегі іс-шаралар | Іске асыру мерзімі | Жауапты орындаушы-лар |
|---|---|---|---|---|---|---|
| 1 | 2 | 3 | 4 | 5 | 6 | 7 |
| 1 | 028 | | Облыстық бюджеттер-ге, Астана және Алматы қалаларының бюджетте-ріне көліктік | Белгіленген тәртіппен бекітіл-ген жобалық-смета-лық құжаттамаға сәйкес мынадай іс-шаралар бойынша "2008 жылға арналған | қаңтар-желтоқ-сан | Қазақстан Республи-касының Көлік және коммуни-кация министр-лігі |

| | | | | | | | |
|---|---|---|---|---|---|---|---|
| | | | инфрақұры-лымды дамытуға берілетін нысаналы даму трансферт-тері | республикалық бюджет туралы" Қазақстан Республикасының Заңын іске асыру туралы" Қазақстан Республикасы Үкіметінің сәйкес сома шегінде автомобиль жолда-рын дамытуға бағытталған мақсатты транс-ферттерді аудару: Алматы қаласында метрополитенін салу (2004 жылғы 31 желтоқсандағы N 7-588/2004; 2004 жылғы 5 қаңтардағы N 7-3/2004 мемлекет-тік сараптаманың қорытындысы); Алматы қаласында Сүйінбай даңғылы-Пушкин көшесі-Райымбек даңғылы қиылысындағы көліктік жол айырым құрылысы; Алматы қаласында Абай даңғылы-Жандосов көшесі-Сатпаев даңғылы қиылысындағы көліктік жол айырым құрылысы; Алматы шығыс айналма автожолын салу; Алматы қаласында Рысқұлов - Сейфуллин-Жансүгі-ров көліктік жол айырым құрылысын салу; Алматы қаласында Рысқұлов-Бөкейха-нов көліктік жол айырым құрылысын салу; Алматы қаласында Рысқұлов даңғылы | | | |

| | | | | | | | |
|---|---|---|---|---|---|---|---|
| | | | | мен Кудерин көшесінің қиылысында көліктік жол айырым құрылысын салу; Астана қаласында М-3 жаңа көпірін салу (мемлекеттік сараптаманың 2004 жылғы 25 желтоқсандағы N 2-721/04 қорытындысы); Астана қаласында N 19 көшеден әуежайға дейін Гастелло көшесін салу; Астана қаласында Сарыарқа көшесінен N 36 көшеге дейін N 23 көшені салу (қала құрылысы кешендеріне және Гастелло көшесіне) (мемлекеттік сараптаманың 2005 жылғы 21 маусымда-ғы N 2-361/05 қорытындысы); Астана қаласында Есіл өзені арқылы Қабанбай батыр даңғылымен көпірді қайта жаңарту ("Рамстор" СО-ның ауданы); Астана қаласында Сарыарқа көшесінен бастап Солтүстік айналма жолдағы көлік айрығына дейінгі учаскеде Бөгенбай даңғылын қайта жаңарту. 3 учаске эстакаданың басынан бастап Угольная көшесінің қиылысындағы екі деңгейдегі көлік айрығының соңына дейін (мемлекеттік сараптаманың 2006 жылғы 20 қарашада- | | | |

| | | | | | | |
|---|---|---|---|---|---|---|
| | | | | ғы N 2-618/06 қорытындысы);<br>Астана қаласында N 19 және Гастелло көшелерінің қиылысында көлік айрығын салу;<br>Астана қаласында Күмісбеков көшесінен бастап Астана қаласының солтүстік-батыс айналымына дейінгі учаскеде Тілендиев даңғылын қайта жаңарту;<br>Астана қаласында Абай даңғылын Ақбұлақ өзенінен Оңтүстік Шығыс шағын ауданына дейін, Ақбұлақ өзенінен N 12 көшеге дейінгі учаскені қайта жаңарту;<br>Астана қаласында Республика даңғылы - Бараев көшесі - Тәшенов көшелері қиылысында көлік айырымын қайта жаңарту;<br>Астана қаласында Угольная, N 14, N 12 және Бейсекова көшелерімен өтетін магистральды жол салу;<br>Астана қаласында Мұңайтпасов көшесінен бастап Фабричная көшесіне дейінгі учаскеде Манас көшесін қайта жаңарту;<br>Астана қаласындағы N 1 жоспарлау ауданының (N 19 көшесінің оңтүстігіндегі) инженерлік желілері мен жолдары N 19 | | |

| | | | | | | |
|---|---|---|---|---|---|---|
| | | | | көшеден бастап N 23 көшеге дейінгі N 36 көше; Астана қаласында Абылай хан даңғылынан Махтумкули көшесіне дейін Мұстафин көшесін салу; Астана қаласында Есіл өзенінің М-2 жаңа автожол көпірінің құрылысы (2005 жылғы 24 маусымдағы N 2-368/05 мемлекет-тік сараптаманың қорытындысы); Астана қаласында Сарыарқа көшесінің N 4 көшеден N 23 көшеге дейін учаскесін құрылы-сын салу (2004 жылғы 29 желтоқсандағы N 2-741/04; 2005 жылғы 21 маусымда-ғы N 2-361/05 мемлекеттік сараптаманың қорытындысы); Астана қаласында Мирзоян даңғылы-нан Абылай хан даңғылына дейін N 38 көшені салу; Астана қаласында Манас даңғылынан университет қала-шығына дейін N 41 көшені салу (мем-лекеттік сарапта-манын 2007 жылғы 3 желтоқсандағы N 23-393/07 қорытын-дысы); Астана қаласында Манас даңғылынан университет қалашығына дейін N 42 көшені салу (мемлекеттік | | |

| | | | | | | | |
|---|---|---|---|---|---|---|---|
| | | | | сараптаманың 2007 жылғы 26 желтоқсандағы N 23-419 /07 қорытындысы); Астана қаласында N 41 көшеден N 42 көшеге дейін N 39 көшені салу; Астана қаласында N 23 көшеден N 27 көшеге дейін Сарыарқа көшесін салу (мемлекеттік сараптаманың 2007 жылғы 6 карашадағы N 2-612/07 қорытындысы); Астана қаласында Комсомольский кентінде жол салу; Атырау қаласында Жайық өзені арқылы өтетін көпір өткелін салу жөніндегі жұмыстарды жалғастыру (мемлекеттік сараптаманың 2006 жылғы 16 наурыздағы N 2-128/06 қорытындысы); Ақмола облысында "Мәдениет-Мариновка" автожолына шығатын "Петровка-Каменка-Острогорка" автомобиль жолының учаскесін қайта жаңарту 55-108 км; Ақтөбе облысы "Шұбарқұдық-Ойыл-Қобда-Соль-Илецк" автожолының 163-169 км бөлігіндегі Ойыл өзені арқылы өтетін көпір өткелін қайта жаңарту; Ақтөбе облысы Хромтау қаласының темір жол станциясына кіреберіс автожолын салу 0-5,95 км; Алматы облысында "Талдықорған-Текелі", автомобиль жолын қайта | | | |

| | | | | | | | |
|---|---|---|---|---|---|---|---|
| | | | | жаңарту 0-31 км; Алматы облысында "Сарыөзек-Қорғас-Қоғалы-Көксу-Қарабұлақ" автожолды қайта жаңарту, 0-122 км; Атырау облысында "Еркінқала поселкісіне кіреберіс" облыстық маңыздағы автомобиль жолын қайта жаңарту, 0-11 км; Атырау облысында Шолақсай өзені арқылы өтетін көпірді қоса алғанда "Индер-Қарабау-Миялы-Сағыз" автожолын қайта жаңарту 203-217 км; Шығыс Қазақстан облысында "Риддер қаласының айналма жолы автомобиль жолын салу", 0-13,4 км; Жамбыл облысында "Қызтоған-обл. шекарасы" автомобиль жолын салу, 0-10,5 км; Батыс Қазақстан облысында Жымпиты-Қаратөбе автожолын 55-72 км учаскесінде қайта жаңарту; Батыс Қазақстан облысында Жымпиты-Қаратөбе автожолының 72-87 км учаскесінде қайта жаңарту; Қарағанды облысында "Қарағанды-Шахтинск-Есенгелді -Шербаковский-Ізенді-Жараспай-Киевка автомобиль | | | |

| | | | | | | | |
|---|---|---|---|---|---|---|---|
| | | | | жолын қайта жаңарту, 165-255 км; Қостанай облысында "Ұзынкөл-Сарыкөл" жалпы пайдаланымдағы автомобиль жолын қайта жаңарту, 0-79 км; Қостанай облысында "Федоровка-Ленин-Вишневка" жалпы пайдаланымдағы автожолын қайта жаңарту, 0-86 км; Қостанай облысында "Қойбағар-Қарасу-Севостополь" жалпы пайдаланымдағы автомобиль жолын қайта жаңарту, 0-63 км; Қостанай облысында "Қарасу Үлкен Чураковка" жалпы пайдаланымдағы автомобиль жолын қайта жаңарту, 0-114 км; Қызылорда облысында "Самара-Шымкент-Қамыстыбас -Аманөткел-Бөген автомобиль жолын қайта жаңарту, 10-68 км; Маңғыстау облысында "Форт Шевченко-Таушик" автомобиль жолын салу, 30 км; Маңғыстау облысында "Қызылсай-Шопан -Ата-Оғыланды" автомобиль жолын салу; Павлодар облысында "Панфилово-Бестөбе" автомобиль жолын қайта жаңарту 23-42 км; Павлодар облысында "Шербақты-Галкино-Мақпал" автомобиль жолын қайта | | | |

| | | | | | | | |
|---|---|---|---|---|---|---|---|
| | | | | жаңарту, 32-54 км; Солтүстік Қазақс-тан облысында "М-51-Петерфельд-Архангелка-Ново-каменка-А-16" КТ-1 автожолын қайта жаңарту, 0-31 км; Оңтүстік Қазақстан облысында "Қаратөбе-Ғ.Мұрат-баев" автомобиль жолын қайта жаңарту, 0-8 км; Оңтүстік Қазақстан облысында "Бозсу-Құйған-Қияжол" автомобиль жолын қайта жаңарту, 0-8 км; Оңтүстік Қазақстан облысында Р/Д А-2 Қызыл-Сарқырама ауылына кіреберіс автомобиль жолын қайта жаңарту, 0-8,6 км; Оңтүстік Қазақстан облысында ОК-52 "Қапланбек-Жібек жолы" автомобиль жолын қайта жаңарту, 4-10,5 км; Оңтүстік Қазақстан облысында ОК-50 "Дербісек-Сарыағаш шипажайы-Қанағат-Арыншы" автомобиль жолын қайта жаңар-ту, 41-56 км; Оңтүстік Қазақстан облысында Оңтүстік Қазақстан облысында темір жол арқылы өтетін жолөтпесі бар "Арыс қаласының айналымы" автомобиль жолын салу, 0-11 км; Оңтүстік Қазақстан облысында Байдыбек | | | |

| | | | | | | |
|---|---|---|---|---|---|---|
| | | | | ауданында "Қошқарата-Кенсай-Жамбыл облысы шекарасы" автокөлік жолының құрылысы, км 0-15. Жобалық-сметалық жұмыстар жүргізу. | | |

*Ескерту. 6-тармаққа өзгерту енгізілді - Қазақстан Республикасы Үкіметінің 2008.06.12* N 579 *, 2008.06.13* N 581 *, 2008.11.12.* N 581д *Қаулыларымен.*

**7. Бюджеттік бағдарламаны орындаудан күтілетін нәтижелер:** Тікелей нәтижесі: жергілікті маңызы бар автомобиль жолдарында жол-құрылыс және жобалық-сметалық жұмыстар жүргізу жұмыстарын жүргізу, Алматы қаласында метрополитен құрылысының бірінші кезегін салу бойынша орындалған жұмыстар көлемі.

Соңғы нәтижесі: автомобиль жолдарының желісін дамыту үшін объектілерді пайдалануға енгізу.

Уақтылығы: жұмыстарды жүргізу кестесіне және жасалған шарттарға сәйкес.

Сапасы: құрылыс нормалары мен ережелеріне (ҚНжЕ) сәйкес.

Қазақстан Республикасы Үкіметінің
2007 жылғы 12 желтоқсандағы
N 1224 қаулысына
180-ҚОСЫМША

**215-Қазақстан Республикасы Көлік және коммуникация министрлігі**

Бюджеттік бағдарламаның әкімшісі

2008 жылға арналған
""Transport tower" әкімшілік-технологиялық кешені ғимаратын ұстау" деген 030 республикалық бюджеттік бағдарламаның
**ПАСПОРТЫ**

**1. Құны** : 332568 мың теңге (үш жүз отыз екі миллион бес жүз алпыс сегіз мың теңге).

**2. Бюджеттік бағдарламаның нормативтік құқықтық негізі** : "Transport tower" әкімшілік-технологиялық кешені ғимаратын республикалық меншікке берудің кейбір мәселелері туралы" Қазақстан Республикасы Үкіметінің 2003 жылғы 29 қарашадағы N 1202 қаулысы.

**3. Бюджеттік бағдарламаны қаржыландыру көздері** : республикалық бюджеттің қаражаты.

**4. Бюджеттік бағдарламаның мақсаты** : "Transport tower" ғимаратына (бұдан әрі - Ғимарат) шаруашылық қызмет көрсету, мемлекеттік қызметкерлер үшін қалыпты еңбек және әлеуметтік-тұрмыстық жағдайлар жасау.

**5. Бюджеттік бағдарламаның міндеттері** : ғимаратқа техникалық және шаруашылық

қызмет көрсету, жылумен, суық су, ыстық сумен қамтамасыз ету жүйелеріне профилактикалық жұмыстарын жүргізу.

**6. Бюджеттік бағдарламаны іске асыру жөніндегі іс-шаралар жоспары** :

| N р/с | Бағ-дар-лама коды | Кіші бағ-дар-лама коды | Бағдарлама-ның (кіші бағдарлама-ның) атауы | Бағдарламаны іске асыру жөніндегі іс-шаралар | Іске асыру мерзімі | Жауапты орындаушы-лар |
|---|---|---|---|---|---|---|
| 1 | 2 | 3 | 4 | 5 | 6 | 7 |
| 1 | 030 | | "Transport tower" әкімшілік-технология-лық кешені ғимаратын ұстау | Ауданы 32294 шаршы метр ғимаратты, соның ішінде: электр техникалық жабдықтарды, инженерлік желілер мен коммуникация-ларды, желдеткіш-тің сору-шығару жүйесін, өрт қауіпсіздігін, өрт сигналын беру мен түтінді жоюды, сыртқы және ішкі желілері бар автоматты телефон станциясын ұстап тұру, техникалық қызмет көрсету және жөндеу; сыртқы инженерлік желілерге қызмет көрсету; қалалық желілер қызметімен қамтамасыз ету, суық-жылумен жабдықтау, ыстық және суық сумен жабдықтау жүйесі-нің профилактика-лық жұмыстарын жүргізу канализа-циялық желілерді тазарту; лифтілер жұмысы; Ғимаратты күзету; Ішкі үй-жайлары мен ғимараттың қасбе-тін, сондай-ақ оған жапсарлас аумақты таза ұстау, Ғимаратты санитарлық өңдеу, | жыл бойы | Қазақстан Республи-касының Көлік және коммуни-кация |

| | | | | | | |
|---|---|---|---|---|---|---|
| | | | | аумақтан қоқыс пен қарды әкету, оны абаттандыру, терезелерді, алюкобонты, витраждарды жуу, және ғимараттың қалыпты жұмыс істеуін қамтамасыз ету үшін басқа да қажетті жұмыстар; кіруді бейнебақылау жүйесі, конференция залдарындағы дыбыс күшейткіш жүйелері, көрсетілген жүйелерді қосалқы бөлшектермен және шығыс материалдарымен қамтамасыз ету; ғимаратты күтіп ұстау бойынша жабдықтаушы функциясын орындау, ғимаратқа шаруашылық қызмет көрсетуді қамтамасыз ету. Қазандықтарға қызмет көрсету үшін қосалқы бөлшектер мен шығыс материалдарын сатып алу. Қызмет көрсетушілердің білімін жетілдіру, қажетті әдебиетпен қамтамасыз ету. Қазандықтарды, лифттерді, энергожүйелерді тексеруге қатысты сұрақтарды шешу. | | министрлігі |

*Ескерту. 6-тармаққа өзгерту енгізілді - Қазақстан Республикасы Үкіметінің 2008.11.12. N 581д Қаулысымен.*

**7. Бюджеттік бағдарламаны орындаудан күтілетін нәтижелер:**

Мемлекеттік қызметті пайдаланушылар: мемлекеттік қызметкерлер.

Тікелей нәтижесі: ауданы 32294 шаршы метр ғимаратты күтіп ұстау, ғимараттың қалыпты жұмыс істеуін қамтамасыз ету, мемлекеттік қызметкерлер үшін қажетті әлеуметтік-тұрмыстық жағдай жасау мақсатында ғимаратқа профилактикалық жөндеу жұмыстарын, инженерлік, санитарлық жұмыстарды, көгалдандыру мен абаттандыруды

уақтылы жүргізу.

Соңғы нәтиже: ғимараттың үздіксіз жұмыс істеуін қамтамасыз ету, мемлекеттік қызметкерлер үшін қалыпты еңбек және әлеуметтік-тұрмыстық жағдайлар жасау.

Қаржы-экономикалық тиімділігі: 1 шаршы метрге жұмсалатын орташа шығын 10298 теңгені құрайды.

Уақтылығы: жыл бойы.

Сапасы: техникалық нормаға сәйкес.

Қазақстан Республикасы Үкіметінің 2007 жылғы 12 желтоқсандағы N 1224 қаулысына 180-1-ҚОСЫМША

*Ескерту. 180-1-қосымшамен толықтырылды - Қазақстан Республикасы Үкіметінің 2008.06.13* N 581 *Қаулысымен.*

**215 - Қазақстан Республикасы Көлік және коммуникация министрлігі**

Бюджеттік бағдарламаның әкімшісі

2008 жылға арналған "Темір жол көлігінің инфрақұрылымын дамыту" деген 031 республикалық бюджеттік бағдарламаның

**ПАСПОРТЫ**

**1. Құны:** 97000 мың теңге (тоқсан жеті миллион теңге).

**2. Бюджеттік бағдарламаның нормативтік құқықтық негізі:** "Өзен (Қазақстан) - Қызылқая - Берекет - Этрек (Түркіменстан) - Горган (Иран)" темір жол желісін жобалаудағы және салудағы ынтымақтастық туралы Иран Ислам Республикасының Үкіметі, Қазақстан Республикасының Үкіметі және Түркіменстан Үкіметі арасындағы келісімге қол қою туралы" Қазақстан Республикасы Үкіметінің 2007 жылғы 28 қарашадағы N 1140 қаулысы.

**3. Бюджеттік бағдарламаны қаржыландыру көздері:** республикалық бюджеттің қаражаты.

**4. Бюджеттік бағдарламаның мақсаты:** темір жол желілерін дамыту.

**5. Бюджеттік бағдарламаның міндеттері:** Қазақстан Республикасының көлік-транзиттік әлеуетін одан әрі дамытуды қамтамасыз ету.

**6. Бюджеттік бағдарламаны іске асыру жөніндегі іс-шаралар жоспары:**

| N | Бағдарламаның коды | Кіші бағдарламаның коды | Бағдарламаның (кіші бағдарламаның) атауы | Бағдарламаны (кіші бағдарламаны) іске асыру жөніндегі іс-шаралар | Іске асыру мерзімі | Жауапты орындаушылар |
|---|---|---|---|---|---|---|
| 1 | 2 | 3 | 4 | 5 | 6 | 7 |

| | | | | | | |
|---|---|---|---|---|---|---|
| 1 | 031 | | Темір жол инфрақұры-лымын дамыту | "Өзен - Түркіменс-танмен мемлекеттік шекара" темір жол желісін салуға жобалау-сметалық құжаттаманың бірінші кезеңін әзірлеу. | Мамыр-желтоқ-сан | Қазақстан Республи-касының Көлік және ко-ммуника-ция мини-стрлігі |

**7. Бюджеттік бағдарламаны орындаудан күтілетін нәтижелер:**

Тікелей нәтиже: "Өзен - Түркіменстанмен мемлекеттік шекара" темір жол желісін салуға жобалау-сметалық құжаттаманың бірінші кезеңін әзірлеу.

Соңғы нәтиже: Өзен (Қазақстан) - Қызылқая - Берекет - Этрек (Түркіменстан) - Горган (Иран) темір жол желісін 2011 жылғы желтоқсанда бір мезгілде пайдалануға енгізу.

Қаржы-экономикалық нәтиже:

Уақтылығы: жұмыс өндірісінің кестесіне және жасалған келісім-шарттарға сәйкес.

Сапасы: құрылыс нормалары мен ережелеріне сәйкес.

© 2012. Қазақстан Республикасы Әділет министрлігінің «Қазақстан Республикасының Заңнама және құқықтық ақпарат институты» ШЖҚ РМК